



ЭКОНОМИКАҒА ҚЫСҚАША ШОЛУ

2018 ж. Тамыз айы

Өткен айдаң негізгі үрдістері (ж/ж):

- Жылдық инфляция нысаналы дәліз шегінде қалыптасты (6,0%)
- Тау-кен өнеркәсібінің, ауыл шаруашылықтың, байланыс пен көтерме саудадағы өсу қарқыны айтарлықтай төмендеді
- Инвестициялық белсенділік оң динамикасымен сипатталады
- Еңбек нарығы қалыпты қарқынмен өсуде

I. ИНФЛЯЦИЯ

2018 жылдың тамыз айында айлық инфляция 0,2% құрады.

Азық-түлік тауарларының бағасы 0,2%-ға төмендеді. Маусымдық факторлар бағалардың төмендеуіне әлі әсерін тигізуде. Сол фактордың әсерінен сәбізден басқа көптеген жемістер мен көкөністер бағалары төмендеді. Бұдан басқа, жұмыртқаға, сондай-ақ әлемдік бағалардың құлдырауына байланысты қантқа бағаның төмендеуі байқалды. Сонымен қатар, дәнді дақылдар (күріш, жарма және тары), жылқы еті мен құс бағалары айтарлықтай өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,6% -ға өсті. Дизельдің бағалары жоғары қарқынмен өсуде, ал бензин бағасы керісінше төмендейді. Сонымен бірге 2018 жылдың тамыз айында ресейлік бензин импортына тыйым салу туралы шешімге байланысты бензин бағасының өсуін күтуге болады. Оқу жылының басталуына байланысты киім мен аяқ киім, кеңсе тауарлары бағасының өсуі байқалды.

Ақылы қызметтер 0,2%-ға өсті, бұл тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ыстық су, газ, жалға берілетін тұрғын үй), темір жол көлігі қызметтері, денсаулық сақтау және демалыс қызметтері бағасының өсуімен байланысты. Павлодар мұнай өңдеу зауытының авиациялық жанармайды қайта жаңғырту аясында ақылы қызметтер қатарында тек қана әуе тасымалы қызметтері арзандады.


Жылдық инфляция 2018 жылғы тамызында 6,0% құрады. Инфляциялық процесстердің үдеуіне маусымдық сұраныстың жоғары болуына байланысты дизельдік бағалардың өсуі, сондай-ақ кейбір азық-түлік өнімдері мен ақылы қызметтердің бағалардың өсуі әсерін тигізді. Сонымен бірге халықтың нақты ақшалай кірістердің бәсең өсуі, маусымдық азық-түлік тауарларға бағалардың төмендеуі және де нарықтағы бензин бағалардың тұрақты жағдайы инфляцияның одан әрі өсуіне әсерін тигізді.

Тамыздағы сауалнамаға сәйкес **халықтың инфляциялық күтулері** біршама өсті, бұл жағдай Ресей рублінің құлдырауы аясында теңгенің әлсіреуінен болған. Алдағы жылға күтілетін инфляцияның бағалауы 5,9% -ға дейін өсті.

Көптеген кәсіпорындар (72,8%) 2018 жылдың екінші тоқсанында тұтыну бағаларының ағымдағы деңгейде өсетінін күтеді, ал 10,8% респонденттер ағымдағы бағасымен салыстырғанда бағаның баяу өсуін күтуде. Бағалардың жылдам өсу қарқынын күтетін кәсіпорындардың үлесі азайып келеді.


Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейтін болады. 2018 жылы инфляция 5-7% мақсатты дәлізде қалады.

1-график. Тұтынушылық бағалары индексі, ж/ж




ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

2-график. Халықтың инфляциялық күтулері, ж/ж



3-график. ҚР экономикасының нақты секторы кәсіпорындарының инфляциялық күтулері, %



ҚР ҰБ деректері бойынша



II. ІШКІ ЖАЛПЫ ӨНІМ

(алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне %-бен)

ҚР ҰЭМ СК есеп деректері бойынша **туынды ІЖӨ көлемі** 2018 жылғы бірінші жарты жылдық бойынша нақты көрсеткіші 4,2%-ға ұлғайып 24,9 трлн. теңгені құрады.


2018 жылдың бірінші жарты жылдық бойынша ІЖӨ-нің өсуі экономиканың барлық секторларында оң динамикамен қамтамасыз етілді. ІЖӨ өсуіне негізгі үлесті тау-кен өнеркәсіп көлемінің (5,6%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,0%-ға), көтерме және бөлшек сауда (5,9%-ға), көлік және қоймаға жинау (4,9%-ға), жылжымайтын мүлікпен операциялар (1,9%-ға) көлемінің ұлғаюы болды.

ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісі бойынша 2018 жылдың бірінші тоқсаны бойынша **4,1%-ға** өсті.

ЖІӨ-нің өсуіне негізгі үлес таза экспорт пен жалпы капиталдың қалыптасуы есебінен болды, бұл әлемдік тауар нарықтарындағы баға жағдайының жақсаруына және негізгі капиталдың жинақталуына байланысты.


Үй шаруашылық шығыстарының өсуі тұтынушылық несиелердің өсуіне, сондай-ақ инфляциялық процестердің баяулауына байланысты болды.

3-график. Өндіріс әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

4-график. Түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ %-бен, ж/ж



ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҰБ деректері бойынша

III. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНДИКАТОР

2018 жылдың тамыздың қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор* біраз төмендеп, 104,5% құрады.

Экономиканың барлық негізгі салалары баяулады. Баяулаудың негізгі факторларының бірі әлемдік нарықтағы тұрақсыз жағдайға байланысты болды. Осылайша, әлемдік мұнай бағасының шамалы төмендеуі аясында шикі мұнай өндірудің өсу қарқыны төмендеді. Соның нәтижесінде шикі мұнай көтерме саудасы және жүк тасымалдаудың барлық түрлері бойынша жүк айналымы төмендеді. Сондай-ақ, республиканың кейбір өңірлерінде егіннің азаюы нәтижесінде ауыл шаруашылығының төмендеуі байқалды. Өсудің негізгі драйверлері бөлшек сауданың жоғары деңгейі, салаларды кредиттеудің өсуі, инвестициялардың жоғары көрсеткіштері және еңбек нарығындағы тұрақты жағдай болды.

5-график. Қысқа мерзімді экономикалық индикатор




жылдың басынан бастап тиісті кезеңге дейінгі, %-пен

* - экономиканы дамыту үрдістерін сипаттайды және базалық салалар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс бойынша шығару индекстерінің өзгеруіне негізделеді. ІЖӨ көлеміндегі осы салалардың үлесі 63-64%-ды құрайды.



6-график. ҚР өңірлері бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор, ж/ж %-бен



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша

Аймақтық деңгейде қысқа мерзімді экономикалық индикатордың (ҚЭИ) ең жоғары көрсеткіші Атырау облысы үшін сақталған. Аймақтағы ҚЭИ-нің өсуі негізінен мұнай өндірудің және оның көтерме саудасының жоғары көлемімен байланысты. Көлік көлемінің артуы, ауыл шаруашылығындағы тұрақты өсу қарқыны, сондай-ақ ұзақ уақыт бойы алғаш рет болған құрылыс секторының өсуі индикатордың өсуіне маңызды рөл атқарды. Екінші ай қатарынан байланыс қызметтерінің қысқаруы шектеулі әсер етеді.

ҚЭИ-ң төмендеуі Астана қаласында, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелді. Астанадағы ҚЭИ-ң төмендеуі сауда, құрылыс және ауыл шаруашылығындағы құлдыраумен түсіндіріледі.

Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында ҚЭИ-ң төмендеуі негізінен шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты.

IV. ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША ШОЛУ

2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,7% -ға артты. Республиканың 13 өңірінде өсім байқалды.

Қашаған және Теңіз кен орындарында шикі мұнай мен табиғи газ өндіру көлемінің төмендеуі нәтижесінде тау-кен өнеркәсібіндегі өсім 4,9% құрады, бұл 2018 жылдың қаңтар-шілде айларымен салыстырғанда біршама баяу болды. Метал кендері, темір рудасы мен түсті металдарды өндіру оң үлес қосты.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өсу қарқыны 4,8% құрады. Өсімнің негізгі драйвері - металлургия өнеркәсібі, азық-түлік өндірісі, машина жасау және кокс және мұнай өнімдерін өндіруі болды. Үшінші ай қатарынан, сусын өндірісі тежеушілік әсерін тигізуде.

Көліктің барлық түрлері бойынша жүк айналымы жоғары деңгейде сақталады, 2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында өсім 9,1% құрады. Саланың өсуі темір жол, автомобиль және әуе көлігінің қызметтерімен қамтамасыз етілген.


Құрылыс саласы 0,8% -ға өсті. Құрылыс жұмыстарының ең үлкен көлемі елдің көліктік-логистикалық инфрақұрылымын дамыту (автомобиль жолдарын, жолдарды, теміржолдарды, көпірлер мен тоннельдерді салу) бойынша жүргізілді. Бұдан басқа, өнеркәсіптік нысандарды салу мен жөндеу, сондай-ақ тұрғын үйлерді салу бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Құрылыс жұмыстарының көлемінің төмендеуі Астана және Павлодар облыстарында байқалады.

2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында ауыл шаруашылығы 2,4% -ға өсті, ағымдағы жылдың 7 айы ішінде өсім 3,5%-і құрады. Өнеркәсіптің өсу қарқынының баяулауы еліміздің бірнеше өңірлерінде егіннің азаюы нәтижесінде өсімдік өсімінің баяулауымен түсіндіріледі. Мал шаруашылығының өсуі саланың өсуіне оң әсерін тигізді. Бұл малдың және құстың тірі салмақта сойылу және де сиыр сүті мен тауық жұмыртқасының көлемінің ұлғайыны байланысты.

Еңбек нарығындағы қолайлы жағдайдың, сондай-ақ халықтың нақты ақшалай табыстарының өсуі аясында бөлшек тауар айналымы 6,5% -ға өсті. Көтерме саудада керісінше шикі мұнай сату көлемінің төмендеуіне байланысты өсу қарқынының біршама төмендеуі байқалды.

Байланыс саласы 2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында 4,5% -ға артуды жалғастырды. Интернет-қызметтер, сондай-ақ ұялы байланыс қызметтері байланыс қызметтерінің ең танымал түрлері болып қала береді.

1-сурет. ҚР өңірлері бөлігіндегі өнеркәсіптік өндіріс индексі, ж/ж



ҚР ҰЭМ КС деректері бойынша



V. НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Инвестициялық белсенділіктің оң динамикасы сипатталады, 2018 жылдың қаңтар-тамыз айларында өсім 21,4% құрады.

Инвестициялардың ең тартымды саласы шикі мұнайды өндіру бойынша тау-кен өндірісі болып табылады (үлес 42,5% -дан астам). Көлік және қоймалау (13% үлес), құрылыс, сондай-ақ жылжымайтын мүлікпен операцияларға (13,5% үлеске) қатаң инвестициялардың өсуі байқалады.


Өңірлік тұрғыда Атырау облысындағы (35,9%) мұнай секторын дамытуға және Астана қаласындағы (9,4%) ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін бағытталды. Инвестициялардың ең аз мөлшері Солтүстік Қазақстан (1,7%), Қостанай (2,2%) және Қызылорда (2,1%) облыстарында тіркелді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 48,8%-дан астамы шикізаттық емес секторға бағытталды (бюджеттік инвестицияларды қоспағанда).

Инвестициялардың жалпы көлемінде ішкі инвестициялардың үлесі 70,8%, ал сыртқы инвестициялардікі 29,2% құрады.


Инвестицияның негізгі көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қала береді.

7-график. Салалар тұрғысынан негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж



ҰЭМ СК деректері бойынша

8-график. Негізгі капиталға қаржыландыру көздері бойынша инвестициялар




ҰЭМ СК деректері бойынша

Мәлімет үшін:

2018 жылдың 2-тоқсанында Ұлттық Банк жүргізген экономиканың нақты секторындағы кәсіпорындардың сауалнамасына сәйкес, ағымдағы және/немесе негізгі құралдарды қаржыландыруды шектейтін негізгі факторлардың арасында респонденттер қаржы ресурстарының жетіспеушілігін, өнімдерге сұраныстың жеткіліксіз болуын, басқа кәсіпорындардың нарықтық бәсекелестігін, Қазақстан экономикасының пайдасы мен пайдасыздығын атап өтті (9-график).

жауаптар %-бен

9-график. Кәсіпорындарды қаржыландыруды жүзеге асыруды шектейтін негізгі факторлар



ҚР ҰБ деректері бойынша



VI. Сыртқы сауда айналымы

2018 жылдың қаңтар-шілде бойынша сыртқы сауда айналымы 20,1%-ға (экспорт 26,0%-ға, импорт 10,3%-ға өсті) ұлғайды. Экспорттың құрылымында бұрынғыдай барынша көп үлес минералды өнімдерге тиесілі 70% астам, олардың экспорты 36,2%-ға өсті. Экспорттың өсуі әлемдік тауар нарықтарындағы шикізат бағасының көтерілуіне, сондай-ақ Қашаған мен ТШО-да шикі мұнайды өндірудің өсуі байланысты болды. Жануарлар мен өсімдік өнімдерін экспорттау саласында айтарлықтай өсуі 30,9%-ға байқалды.

ЕО елдері (үлесі 54,1%), Қытай (үлесі 9,2%), ТМД елдері (үлесі 15,6%) экспорттың негізгі бағыты болып табылады, олардың ішінде кеден одағы елдерінің үлесі 10,2%.


2018 жылы қаңтар-шілде айлары импорты бойынша өсім барлық тауар топтары бойынша байқалды. Ішкі тұтыну өсуінің аясында импорттың өсуіне ең үлкен үлесін машина, жабдық, құралдар мен құрылғылар (өсу 17,0%), металдар мен олардан жасалған бұйымдар (өсу 13,4%), жануарлар мен өсімдік тектес өнімдер (өсу 9,8%), сондай-ақ химия өнеркәсібінің өнімі (өсу 9,3%) құрды.

Тауарлардың негізгі импорты кеден одағының елдеріне (үлесі 40,8%), ЕО елдеріне (үлесі 20,6%) және Қытайға (үлесі 16,6%) тиесілі.



ҰЭМ СК деректері бойынша

VII. ТМД елдеріндегі ІЖӨ



2018 жылғы 2-тоқсанның қорытындылары бойынша елеулі экономикалық өсім Тәжікстанда және Арменияда болды.

ТМД-ның кейбір елдерінде 2018 жылғы 2-тоқсанда 1-тоқсанмен салыстырғанда ІЖӨ-нің өсімі аздап баяулады (Армения, Әзірбайжан және Қырғызстан). Экономикалық өсімнің қарқыны үдегені Молдовада тіркелді. 2018 жылғы 2-тоқсанында Арменияның жоғары экономикалық өсуі қызметтердің, өнеркәсіптің және сауданың өсуімен байланысты, ал Тәжікстанда - саудада және өнеркәсіпте.



VIII. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық
(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)


2018 жылдың 2-тоқсанында жұмыспен қамтылған халықтың саны 1,1%-ға өсті, 2017 жылғы маусыммен салыстырғанда (2018 жылдың 1-тоқсанында 1,3%-ға өсті).

Экономиканың салалары бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың саны көтерме және бөлшек саудада 5,6%-ға өсті. Сондай-ақ өнеркәсіптік сектордың тұрақты өсуі аясында өңдеу өнеркәсібінде 6,5%-ға және көлік және қоймалауда 4,6%-ға өсуі байқалды. Жұмыспен қамтудың төмендеуі тау-кен өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында байқалды.


Өңірлер бөлігінде жұмыспен қамтылған халықтың негізгі ұлғаюу Ақтөбе облысында (2,1%-ға өсті), Алматы (2,7%-ға) және Астана (4,1%-ға) қалаларында байқалды.

2018 жылғы тамыз айында жұмыспен қамтылғандар саны 1,1%-ға артып, 8668,2 мың адамды құрды (экономикалық белсенді халықтың 95%).


2018 жылы тамызда жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2014-2017 жылдар аралығында жұмыссыздық деңгейі орташа алғанда 5% болды). Жұмыспен қамту органдарында 151,9 мың адам жұмыссыздар қатарында ресми тіркелген.



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша

Бір аптада нақты жұмыс істеген сағатының саны 35 сағат және одан аз болатын жұмыспен қамтылған халықтың үлесі өсуде. 2018 жылғы екінші тоқсанда аталған қызметкерлердің үлесі жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 6,8%-ын құрады.

Сонымен қатар, бір аптада 41 сағаттан астам жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі 2015 жылғы бірінші тоқсандағы аздаған өсуден кейін, салыстырмалы түрде төмендеу деңгейде – 21,7%-бен сақталуда.

Бір аптада 36 сағаттан бастап 40 сағатқа дейін нақты жұмыс істеген қызметкерлердің үлесі басым болып қалуда. 2018 жылғы екінші тоқсанда біршама төмендеп, үлесі 69,9% болды.



IX. Жалақы және еңбек өнімділігі

(өткен жылдағы тиісті кезеңге %-бен)

2018 жылы тамыз айында бір қызметкердің орташа айлық номиналдық жалақысы 8,5%-ға ұлғайып, 159,1 мың теңгені құрады.

Халықтың жан басына шаққандағы ақшалай табыстары 2018 жылдың тамызында 1,1% -ға төмендеді.


2018 жылғы 2-тоқсанда нақты жалақы 2,2%-ға өсті.

Салалар бөлігінде 2018 жылғы 2-тоқсанда өсім әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (15,7%-ға), құрылыста (8,4%-ға), тау-кен өндірісінде (6,5%-ға), өңдеу өндірісінде (4,6%-ға) тіркелді. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (4,5%-ға), жылжымайтын мүлікпен операцияларда (5,2%-ға), қызметтердің басқа түрлерін ұсынуда (9,2%) төмендеу байқалды.


2018 жылғы 2-тоқсанда өңірлер бөлігінде номиналдық жалақының ең жоғарғы мәні Маңғыстау облысында (304,2 мың теңге), ең төменгі мәні – Жамбыл облысында (120,9 мың теңге) тіркелді.

2018 жылғы 1-тоқсанда экономикадағы еңбек өнімділігі 3,7%-ға өсті. Салалар бөлігінде ең көп өсім құрылыста (12,2%-ға), өнеркәсіпте (5,4%-ға өсті), көлікте (5,8%-ға) және орналастыру және тамақтану бойынша қызметтерде (3,2%-ға) байқалды.


Экономиканың барлық негізгі салаларында еңбек өнімділігінің өсімі нақты жалақының өсу қарқынынан өсіп кеткенін атап өткен жөн (саудадан және ауыл шаруашылығынан басқа).



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша



ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша